

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288



Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N.Gumilyov Eurasian
National University

№1 (126)/2019

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н.Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

PHILOLOGY Series

Серия ФИЛОЛОГИЯ



XFTAP 17.71.91

Г.Р. Дәүітова¹, Е. Сұлтан², Л.К. Мейрамбекова³

^{1,2}Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gulnazautova001@gmail.com, yerlaysultan@gmail.com, lmeyrambekova@mail.ru)

Көне әпостағы мифтік кейіпкерлер

Андратта. Эпостардың барлық жанрларындағы манызды категориялардың бірі – батырлардың ерлігі мен олардың дұшпандарына карсы құресі болып табылады. Дәүір алмасуына, тарихи жағдайларға карай, дұшпан бейнесінің берілуі де заманмен бірге озгеріске ұшырап отырды. Ең алғашқы көне әпостарда батырлар негізінен мифтік кейіпкерлермен ғана жауласқан болса, уақыт өте келе тарихи оқигалардың дамуына байланысты жаулары да шынайы қасиеттерге ие образдарға ауысады. Уақыт өте келе жәзтьынан, құбыжық, төбекөз, мыстан кемпір, айданарлар сынды образдарды батырдың жері мен отанына қауіп төндіретін, жау образындағы адамдар алмастыра бастайды. Оларды негізінен көне мифтік бейнелер, зооморфтық кейіпкерлер, туыстас, бірак жауласып жүрген ру-тайпа өкілдері, қалыңдық үшін бақталастыққа түсken карсыластар, құрайды. Макалада архаикалық және батырлық әпостағы бас кейіпкерлермен құресуші образдардың түрленуі мен дамуы жан-жақты қарастырылады. Эпикалық кейіпкердің бейнесін жасаудағы көне сюжет пен мотивтердің ролі сипатталады. Көне әпостағы қаһарман карсыластарының түрлөрі айқындалады.

зы тылсымға тартады. Өйткені, мифтік аңыздар, мифтік әңгімелердің астарында тек ки-
зайып оқигалар ғана емес, халыктың түпкі санасы жатыр. Бір кездердегі адамзаттың
тапамды түсінудегі балаң ойлары, белгілі бір күшке, жаратушыға сиынуы, тіпті, ара жігін
жыратып қарай алсаң тарихи оқигалар да мифтік аңыздарда кездеседі.

Фольклордың бір тармагы мифтік аңыздар. Жалпы аңыз дегеніміз белгілі бір тарихи
оқиганың тоңірегінде өрбиттің әңгіме болса, миф одан арырак жатыр, яғни мифтік аңы-
здардың тамыры терен. Тіпті, мифтік аңыздардағы жүйелер мен сюжеттер арқылы бүкіл
әлемдік халықтардың болінісі туралы зерттеу жүргізуге болады.

Алдымен көне эпостарға токталмас бұрын, классикалық жырлар мен көне эпостар-
дың арақатынасын ажыратып алуымыз керек.

1. Классикалық батырлық жырларда да, көне эпостарда да бір балаға зар болу сары-
ны бар. Алғысында бұл негізгі сарын ретінде әр жырда ұшырасса, кейінгісінде, яғни, көне
эпостардың барлығында дерлік кездесе бермейді.

2. Классикалық батырлық жырларда көмекшілер ретінде кездесетін әйел, ата-ана,
тұлпар, желеп-жебешілер рөлі көне эпостарда да сол қалпы десек болады. Бұлардың ката-
ры енді мифтік кейіпкерлер таусофар, сакқұлак, желаяқ, көлтаусар, мерген секілді ертегілік
персонаждармен толыса туреді.

3. Көне эпостарда кейінгі классикалық жырлардағы көптеген сарындар ұшыраса
бермейді. Ұшырасса да бірізді баяндамайды. Мәселен, бас кейіпкердің осуі, ата-ана тілегі,
тұлпар іздеу, баптау, ғажайып дүниеге келу, ұлттық салт-дәстүрге, сана-ғұрыпка жакындық,
діни элементтер.

4. Классикалық жырларды типологиялық зерттеуде «мотив» (сарын) деген ұғым
басты назарда. Жырлардың бәрінде ұқсас мотивтер ете көп болады. Мысалы, батырлық
жырлар бір балаға зар болу немесе ғажайып дүниеге келу сарыны арқылы басталатынын
білеміз. Батырлық жырлардың бәрінде дерлік осы тектес оқигалар тән болған соң ол «мо-
тив» деп карастырылды. Дауірлес жырлардың тууында бұл үрдіс секілді қызмет атқарады.
Оныз ешқандай жыр басталмауы керек секілді. Жырдың басталуына ғана тән нәрсе емес.
Бұдан бөлек те батырлық жырларды туыстастырып жатқан оқигалық желілер, суреттеулер,
мотивтер көп. Ал, көне эпостар бір сарында басталмайды. Баста айырмашылықтардың
бірі дер едік. Көне эпости оқымайынша, калай басталатыны туралы болжам айту киын,
яғни классикалық жырлардағы дай ұқсас оқигалы емес. Ол әддегідей тоқсан сай толы
малы бар, ұлты мен елі белгілі, бір ұрпақ сүюді ансаган, сонызы үшін бәрінен баз кешіп
әзуліе аралап кеткен байдың мұн-зарымен басталмайды. Басқаша айтқанда, мотив енді көне
эпостарға келе бермейтін ұғым болып кала береді.

5. Классикалық батырлық жырларда көтерілетін мәселелердің ірісі ел мұддесі бол-
са, көне эпостарда халқын жаудан азат ету жиі кездесетін оқига емес, арагідік ұшырасатын
әпізодтық желілерден ары аспайды, яғни, басты идеялық максат ол емес. Көне жырларда
көбіне бір максат қуалада, бір тапсырма алу, жақынын корғау, жеке бастың, отбасының ка-
мын жеу, әке-шеше тілегін орындау, басқа бір кейіпкер тілегімен аттану негізгі мұддеге
айналып, жырдың идеясы осыны баян етеді.

6. Батырлық жырларда басты кейіпкердің жауы тарихи калмак, қызылбас, солар-
дың ел таныған батырлары т.б. болып келеді. Көне эпостарда басты жау адам емес. Бас кей-
іпкерлер мұнда жеті басты жалмауызбен, мыстан кемпірмен, мыстан кемпірдің баласымен,
айдаһармен, алып жыланмен, суға иелі еткен адам сенгісін жайынмен, құбыжықпен, дио,
даулермен, жалғыз көзді жаратылыстармен (цикlop) т.б. айқасады.

7. Қаһармандық жырлар секілді көне эпостар да шамадан тыс көп вариантылы бол
келмейді.

Біз келтірген көне эпос пен классикалық батырлық жырлардың айырмашылықтары
мен ұқсастықтары ете көп. Бұл ен негізгілері ғана екенін айта кету керек. Өзге де қырла-


рынан карай отырып, эпос түрлерінің ара-қатынасында бұдан да бөлек көптеген мәнді пай-ымдаулар келтірге болады. Бұл туралы ғалым Р.Бердібаев: «Архаикалық пен классикалық эпостың өзіндік орнегін ажыратса танудың өзге де шарттары бар екендігін фольклор зерттеушілер негізінен жүйелі талдап шықкан. Ол шарттылыктар жинақтап айтқаңда төмөндеі ұғымдарға саяды: мифтік уақыт адамдар санасында бірте-бірте қиялға айналып, бір кезде өтіп кеткен «алтын дәурен» туралы ұғымды туғызды, мифологиядағы ұнамды ерлер батырлық эпостың қаһарманына ұласып, ақдаға жалмауыздар зұлым жаулар бейнесіне кошеді, ертегілік, мифтік бейнелер тарихи бейнелерге айналады; рухани өмірдің күрделене түсүіне бейнелестілген алеашты мифология ылышып, оның кейінкерлері бұрынғы «киелі»

Мәселең, «Құламерген» эпосын алайық «Сиқырлы құштер туралы көне ұғым жырда құрделі ұғым иеленді» [2, 70 б.]. «Құламерген» эпосы көне өркениет пен түсініктердің мәдениеттік манасының өзінен болды. «Әкесі мен баласының соғысатын жаулары – жер астын мекендейтін жеті басты Жалмауыз, оның балалары – кемпір Құртқа мен Орак батыр» [5, 277 б.] екені бізді де қызықтыра тусаді.

М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтардың жазған еңбектерінде ертедегі адамдардың тұрмыс тіршілігі шынайы қозқарас тұрғысынан айтыла келіп, жыларда көне халықтың аңшылық көсібі, дүниеге, жаратылысқа деген қозқарасы, наным-сенімдері берілген деген ой түйінделеді. Сонымен катар, өз ойларын бекіту мақсатында «Құламерген» жырындағы көне өркениеттік сипаттағы оқиғаларға, аталатын кәсіп пен іс-әрекеттерге талдау жасалынады. Мысалға, «Құламерген» эпосын алсақ, зор тартысқа құрылған «Құламергеннің» басты кейіпкерлері ертүрлі ғажайып жағдайларға душар болады, жердің асты-үстін кезіп жүріп, өздерінің ізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін бар күшін салып алысады. Жырдағы Құламерген мен Жоямерген неше түрлі үзілімдікка карсы тұрып, жақсылық үшін, шат өмір үшін күреседі. Сиқырлы, айлалы мыстан да, оны қолдауышы хан да қаншалықты құшті болғанымен, сонынан женіліс табады, оларды әділет үшін күрекен Құламерген женеді де, ойлаган мақсатына жетеді. Аталған тұстың эпосында кездесетін Құбығұл тәрізді батырлар да әрі мыкты, әрі айлалы, он қолдарынан онер тамған жігіттер» [6, Б. 32-33] -деп баға береді.

Бұл жырдың каракалпак халқында да озіндік нұсқасы бар. Біздінше бұл батырлық жылардағыдай айтылу, жеткізулу негізінде өзгеріске түсін, бірнеше варианттарының пайда болуымен ұқсас құбылыс емес. «Каракалпак халқында сакталған «Құламерген» мен казак жырының оқиғалық орілімін салыстырып қарағанда екеуінің түбіре де, кейіпкерлерінің құрамы да бір бастаудан таралғаны айқын көрінеді» [2, 72 б.], -дейді ғалым Р. Бердібаев. Тек казак нұсқасында Жоямергенге катысты жаңа эпизодтар, жер асты әлемі оқиғаларының косылғандығымен ерекшеленетінін айтады.

Казактың байырғы жыларының үлкені «Мұндық, Зарлық» екені көп еңбектерде аталып келеді.





Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы - №1 (126) 2019

BULLETIN of L.N. Gumilev

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4-ші кітап. / С. Кондыбай - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.- 502 б.
- 2 Бердібаев Р. Қазақ эпосы: Жанрлық және стадиялық мәселелер. / Р. Бердібаев - Алматы: Ғылым, 1982. - 232 б.
- 3 Бердібаев Р. Құсар бұлак. / Р. Бердібаев - Алматы: Жазушы, 1989. - 237 б.
- 4 Ыбыраев Ш. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы / Ш. Ыбраев // Эпос әлемі. - Алматы: Ғылым, 1993. - 296 б.
- 5 Бабалар сөзі: 100 томдық. Қене эпос. - Астана: Фолиант, 2008. - Т. 52. - 352 б.
- 6 Ғабдуллин М. Сыдыков Т. Қазақ халқының батырлық жыры. / М. Ғабдуллин, Т. Сыдыков - Алматы: Ғылым, 1972. - 338 б.
- 7 Хабижанова Г.Б. Қошпелілердің дәстүрлі мәдениетіндегі мифологиялық кеңістік пен уақыттың құрылымы / Г.Б. Хабижанова // Орталық Азия қошпелілері өркениетінің тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - Т. 2. - 380 б.
- 8 Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. / Р. Әлмұханова - Алматы: Арыс, 2009. - 320 б.

Г.Р. Даутова¹, Е. Султан², Л.К. Мейрамбекова³

^{1,2} Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Мифические персонажи в архаическом эпосе

Аннотация. Одной из важных категорий во всех жанрах эпоса является подвиг героев и борьба против их врагов. С развитием эпохи, историческими условиями, передача образа врага со временем изменилась. В архаических эпосах, в основном были мифические персонажи, такие как мыстик кемпир, змеи, семиголовые драконы, Тобекоз (одноглазый людоед), тигры, великаны обладающие подлинными качествами. Со временем их заменяют реальные люди, которые сражаются за землю. В статье рассматривается многообразие и развитие образов, борцов с главными героями архаического и героического эпоса. Описывается роль архаических сюжетов и мотивов в создании образа эпического героя. Определяются различные типы противников героя в архаическом эпосе.

Ключевые слова: эпос, архаический эпос, героические эпосы, миф, мифические персонажи, тюркский народ.

G. Dautova¹, Y. Sultan², L.K. Meirambekova³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Mythical characters in the archaic epos

Abstract. One of the important categories in all genres of epic is the feat of heroes and the fight against their enemies. With the development of the era, historical conditions, the transfer of the image of the enemy has changed over time. In the archaic epos, there were mainly mythical characters, such as Mystan Kempir, snakes, seven-headed dragons, Tobekoz (the one-eyed cannibal), tigers, giants with authentic qualities. Over time, they are replaced by real people who fight for the land. The article deals with the diversity and development of images, fighters with the main characters of the archaic and heroic epic. The role of archaic plots and motives in creating the image of an epic hero is described. Identifies the different types of enemies in the archaic epic hero.

Key words: epos, archaic epos, heroic epos, myth, mythical characters, Turkic people.

References

- 1 Qondibay S. Arğıqazaq mifologiyası. 4-şı kitap [Argypitian mythology. Book 4]. / S. Qondibay (Daik-Press, Almaty, 2004, 502 p.). [in Kazakh]
- 2 Berdibaev R. Qazaq éposı: Janrlıq jâne stadıyalıq mäseleler [Kazakh Epic: Genre and Stage Problems]. (Gylim, Almaty, 1982, 232 p.). [in Kazakh]
- 3 Berdibaev R. Käwsar bulaq [Kausar Spring]. (Jazwşy, Almaty, 1989, 237 p.). [in Kazakh]
- 4 Ibiraev Ş. Qazaqtıñ batırılıq jirlarınıñ poëtikası [Poetics of Kazakh heroic poems] // Épos älemi [The epos world]. (Gylim, Almaty, 1993, 296 p.). [in Kazakh]
- 5 Babalar sözi: 100 tomdıq. Köne épos 52 том. [The story of ancestors: 100 volumes. Ancient Epos 52 Volume]. (Foliant, Astana, 2008, 352 p. [in Kazakh]
- 6 Ğabdwillin M. Sıdıqov T. Qazaq xalqınıñ batırılıq jırı [The heroic song of the Kazakh people]. (Gılım, Almaty, 1972, 338 p.). [in Kazakh]
- 7 Xabıjanova G.B. Köşpelilerdiñ dästürlü mädenietindegi mifologiyalyq keñistik pen waqittıñ qurılımı [The structure of the mythical space and time in the nomadic culture of nomads], Ortalıq Azıya köşpelileri örkenjetiniñ tarixi [History of civilization of the nomads of Central Asia]. (Qazaq wñiversiteti, Almaty, 2015, (2), 380 p.). [in Kazakh]
- 8 Älmuxanova R. Qazaq folklorındağı antikaliq sarındar [Antique Kazakh folklore]. (Arys, Almaty, 2009, 320 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Даутова Г.Р. – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әл-Фараби дәнғылы 71, Алматы, Қазакстан.

Султан Е. – PhD, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Құрманғазы көш. 29, Алматы, Қазакстан.

Мейрамбекова Л.К. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сатпаев көш. 2, Астана, Қазакстан.

Dautova G. – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, av.al-Farabi 71, Almaty, Kazakhstan.
Sultan Y. – PhD, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Kurmangazy str. 29, Almaty, Kazakhstan.

Meirambekova L.K. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

